

#### **4 дәріс Аудиториямен тиімді байланыс және пәрменділік – менеджменттің басты құралы**

Баспасөздің бәсекеге қабілеттілігі мен беделі қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлін арттырады. Өңірлік газеттерде бүгінде «Газет сынына жауап келді», «Жазылған жайдың жаңғырығы» айдарларымен берілген материалдар газеттің пәрменділігін көрсетеді.

«Оңтүстік Қазақстанның» қарияларға, жетімдерге, мүгедек жандарға көп көңіл бөлетіні газеттің маңыздылығын арттырады. «Жетім көрсең жебей жүр», «Жетімді жатқа қорлатпа» сияқты сөйлемдерді газет бетінен жиі кездестіруге болады. «Оңтүстік Қазақстанның» тікелей телефон байланысы көптеген проблемалардың шешілуіне мұрындық болды. Редакцияға арнайы шақырылған түрлі сала өкілдері оқырмандардың тікелей қойған сұрақтарына жауап берді. Бұл газеттің оқырман мүддесі үшін ұйымдастырған іс-шарасы еді. 2009 жылы газет интернет-конференция өткізді. «Оңтүстік Қазақстан» тыңдап тұр» айдарымен оқырмандардың мұң-мұқтажы тікелей телефон арқылы тыңдалып, газет арқылы арнайы мамандардың жауабы жедел түрде берілді. Газетке 2008 жылы 700-ден астам хат келген. Ең көп хат әлеуметтік мәселеге байланысты (215 хат) келген, екінші орында әдебиет және өнерге қатысты хаттар (115), одан кейін экономикаға қатысты (105), құқық қорғау мәселесіне байланысты, араша сұраған хаттар – 95, саяси – 72, денсаулық мәселесін қозғаған 43 хат келіпті.

Газетте жазылған мәселелер оқырманды бей-жай қалдырмайды. Облыстық жастар және ішкі саясат жөніндегі департаменттің қолдауымен жарық көрген газеттің жастарға арналған қосымшасы «Жасын» өткір материалдарымен ерекшеленді, көбінесе студенттердің өмірі қозғалады (төлемақы, жолақының қымбаттауы, баспана мәселесі, кітаптардың жетіспеуі, мамандық таңдау т.б.). Жатақханадағы жағдайға байланысты газет бірнеше сын мақала жариялады. Жатақханада тұрып жатқан жастардың пікірін, ойын білу мақсатымен жүргізілген сауалнама нәтижесінде жатақханалар лас, тәртіп жоқ, ешқандай іс-шаралар ұйымдастырылмайды, студенттер жасқаншақ, әлденеден именеді, белсенділігі төмен деген көптеген келеңсіздіктердің беті ашылады. Сын мақалаға орай түсіріліп алынған суреттердегі құлағы жоқ, шынысы ұшқан шәугімдер мен беті күйген, кір-кожалақ үстелдер материалға қосымша мағына дарытып тұр.

Көп кешікпей редакцияға мемлекеттік медицина академиясының ректоры О. Дайырбековтен жауап келді. «Газет сынап еді, жауап келді» айдарымен жарияланған материалда академияның жатақханасында күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарлануда екендігі, газет бетінде көтерілген мәселелердің шешілетіндігі жазылған (2005. 12 ақпан). Департамент өткен тексерудегі орын алған кемшіліктердің жойылған-жойылмағанын анықтау мақсатымен жатақханаларға тағы бір қайтара тексеру жүргізіп, нәтижесі тағы газетте жарияланды.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінің 2006 жылғы 27 тамыздағы санында журналист Сабырбек Олжабайдың «Мақтааралда мәдениет мәселесі

майысып тұр» атты мақаласы жарияланды. Көп кешікпей Мақтаарал ауданы әкімінің міндетін атқарушы Ә. Байдұллаевтан редакцияға жауап келеді: «Мақалада көрсетілген кемшіліктерді жоюға арналған іс-шара түзілді. Аудан әкімдігі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, мәдениет саласын көтеруге көңіл бөле бермек» (2006. 5 қазан). Жауап хатта сондай-ақ аудандағы мәдениет саласын көтеруге бағытталған іс-шаралар нақты цифрлармен баяндалған. «Оңтүстік Қазақстанның» 2005 жылғы 29 наурыздағы санында жарияланған «Дәрігерге баруға қорқамын» деген сын мақалаға орай облыстық денсаулық сақтау департаментінің атынан 13.04.05 ж. № 270-ө «Заңды орындау туралы» бұйрық шығарылды. Бұйрықта газетте жарияланған сын мақаланы медицина қызметкерлері арасында талқылау туралы аудандық (қалалық) денсаулық сақтау бөлімдерінің бастықтарына, емдеу мекемелерінің басшыларына жүктелді (2005. 23 сәуір).

«Редакцияға арнайы келді» айдарымен әлеуметтік өзекжарды проблемалар кейіпкердің өз атынан баяндалады.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл», - демекші, оқырмансыз газет тұл. Осыны терең ұққан облыстық газет оқырмандардың түрлі сегменттерімен ой бөлісіп, газеттің мазмұн-мәні жайында сұхбат құруды әдетке айналдырды. Газет пен оқырманның арасындағы өзара тығыз байланыс басылым үшін де, оқырман үшін де тиімді болды. «Осы ынтымақты сабақтастықты қалай қалыпты сақтауға болады, оқырман газеттің қандай мәселелерді көтергенін, нені жазғанын, неге көбірек көңіл бөлгенін қалайды, газетті қайтсек оқырманға жақындата түсеміз, қандай бағытты ұстанып, қай тұсын ширата түсуіміз керек?» деген сауалдарға жауап табу мақсатымен «Оңтүстік Қазақстан» газеті облыс орталығындағы жоғары оқу орындары басшыларымен «Дөңгелек үстел» басында ой бөлісті. Сұхбат барысында көп газеттің ішіндегі «Оңтүстіктің» орны бөлек екендігі айтылды. Газеттің кемшіліктері де назардан тыс қалған жоқ: жастарға аса көңіл бөлмейді, түрлі ғылыми жаңалықтар туралы, оқу бағдарламасына, білім сапасына қатысты проблемалық материалдар аз. Тіпті бір оқытушы газеттің өтімділігі үшін жеңілдеу түрлі тақырыптағы дүниелерді, жұлдызнама, анекдот, өсектерді де ебін тауып жазып жіберсе газеттің таралымы көтерілетіндігін айтты. Оқырманның бұл пікірі салмақты, салиқалы тақырыптарды қозғайтын облыстық басылымға жат. Бұған газеттің сол кездегі редакторының бірінші орынбасары Б. Қонысбек ұтымды уәж айтты: «Орыс тілді басылымдар қазақ газеттерінен өтімдірек дегенге келіспеймін. Біздің газетке тереңірек үңілсеңіз, талай-талай тартымды дүниелер, тарихтан тамыр тартатын танымдық материалдар, елдің бүгінгі келбетін танытатын мақалалар аз жарияланбайды. Қазақ тілді журналистер, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәселелерді де сүбелі көтеріп келеді. Әрбірден соң мен қазақ журналистикасын көш ілгері кетті деп айтар едім. Тек бұған ұлттық рухпен мән беріп карап, оқу керек. Сіз айтып отырған жеңіл-желпі тақырыптарға біз бара бермейміз. Оны жаза алмайтындықтан емес, мәселе – салиқалылықта. Рас, кемшін жақтарымыз жоқ емес шығар, соны сіздер сияқты өрелі, зиялы азаматтармен бірігіп толтырсақ деген тілек біздікі».

Сыр өңіріндегі баспасөздің қарашаңырағы саналатын «Сыр бойы» газетіндегі «Сұрақ сізден, жауап бізден. Мың бір сұрақ мінбері» айдарында әртүрлі сала өкілдері оқырмандар сұрақтарына жауап береді. Бұл айдардың газет оқырмандарына маңызы зор болды. Өзін толғандырған сауалды жолдаған оқырман оның жауабын газет бетінен асыға күтті. Газеттің алғашқы бетіндегі «Редакцияға келіп түскен хаттардан», «Қоғамдық ойдың сарасы» айдарлары да маңызды мәселелерді қозғайды.

«Арқа ажарындағы» «Айналаңда адам бар» айдарымен берілетін мақалалар әлеуметтік мәселелерді өз деңгейінде көтереді.

«Қостанай таңы» газеті ізгілікті істердің ұйытқысы болды. Балалар үйіндегі бүлдіршіндерге киім-кешек пен ойыншықтар сыйға тартты. Түрлі акцияларға ақпараттық демеушілік көрсетіп, көмекке мұқтаж отбасыларға қол ұшын созды. Тегін заң қызметтерін көрсетуге мұрындық болды. Газеттегі қалыптасқан жақсы дәстүр – ой толғаулар арқылы шындықты, адамның тағдырын, басынан өткізген жетімдік тауқыметін баяндай отырып, бүгінгі балаларын шырылдатып, жетім тастап кеткендер туралы сөз қозғауы.

Газетте оқырмандардың мұң-мұқтажы мен алғысы, ой-пікірі «Хат жаздым, қалам алып...» («Алғыс», «Пікір», «Ұсыныс» топтамалары бар) айдарында көрініс табады. Тұрмысы нашар, егін екпейтін, қолындағы азын-аулақ малымен күнелтіп отырған қарапайым халықтың малын базарға сатып, азық-түлік алуға мүмкіндігі жоқ, жер шалғай. Қойдың жүні мен терісі өткізе алмағандықтан, ысырап болады. 150-ден артық отбасының үйінің алдында 50-60 кг жүн үйіліп жатыр. Осыған байланысты редакцияға хат жазған Жанкелдин ауданының оқырмандары: «Газет халық қамын ойлайтын бір жанашыр орын еді. Басшыларға айта ма, басқа бір лажын таба ма деп жазып отырмыз. Осы хаттың жауабын да ала алмаймыз. Бізге хат, газет әкеп беретін ешкім жоқ. Байланыс орны өткен жылы жабылған» (ҚТ. 1999. 10 қыркүйек), - дейді. Оқырмандар газетке үміт артып, газет арқылы әділдік іздейді. Оған газетте жарияланған «Ендігі үмітім газетте», «Еңбекақымды ала алмай жүрмін», «Соққыға жыққандар жазасыз кетпек пе?» сияқты хаттар куә. Газет оқырманға арқа сүйеп, баспасөздің тірегі – белсенді автор мен оқырман екендігін түсінді. Авторларды газетке тартып, жазуға баулуға, шеберлігін шыңдауға тырысты. Қоғамдық тілшілердің материалдарына мұқият қарады. Халықтың арасында жүргендіктен, мәселенің анық-қанығын толық білетін қоғамдық тілшілер түрлі өзгеріс, жаңалықтарды, үлгі алар озық істер мен келеңсіз жағдайларды жазды.

Газеттің кемшіліктерін де айту қажет. Нарықтық қатынастар қалыптасып, елімізде фирма, шағын, бірлескен кәсіпорын, жекешеленген мекемелер, кооперативтер қаптап кеткен тоқсаныншы жылдардың басында несие алып, үкіметке жалақысын азайтып көрсетіп, салық төлеуден қашқақтаған кәсіпкерлерді әшкерелеудің орнына оларды құрғақ дәріптейді, ол мекемелердің халыққа, мемлекеттің экономикасына тигізіп отырған пайдасы туралы сөз қозғамайды. Сондай-ақ бақсы-балгер, әулие, емшілер газет бетінен жиі орын алды, тосын жаңалыққа құмарлық танытты.

«Жетісу» газеті журналистерінің жемісті еңбегі оқырмандарының көбеюінен көрінеді. Журналистердің мақсаты – газеттің мүмкіндіктерін пайдаланып, ой бөлісу, өзекті мәселелерді талқылау. Газет журналистері «Жетісуді» оқырмандардың нағыз рухани азығына айналдыруды көздейді. Газеттегі қалыптасқан дәстүр – оқырмандармен етене араласып, аудандарға шығып, ауылдағы қарапайым халықпен кездесулер өткізу, халықтың жағдайын көзімен көріп, ашық пікірлесу. Бұндай кездесулер барысында «Жетісу» газеті туралы оқырмандардың ұсыныс, пікірлері, сын-ескертпелері, тілектері мен мұң-мұқтажы анықталады. Ой бөлісіп, өзекті мәселелерді талқылаумен қатар, кемшілігін түзеп, оқырманның ойынан шығуды көздейді. Бұл туралы редакция журналистері: «Басылымды заман талабына сай қолдан-қолға өтіп оқылатын мәнді де маңызды етсек деген ниетіміз бар» (Ж. 2006. 30 караша), - дейді.

Газет оқырмандармен тығыз байланыс орнату арқылы таралымын көбейтті, одан түскен қаражатқа оқырмандар асыға күтетін сенбілік санын түрлі-түсті, мазмұнды етіп шығара бастады. Оқырмандарының басым бөлігін құрайтын ұстаздар газет материалдарын шәкірттерінің ой-өрісін дамыту үшін пайдаланады.

Оқырманмен байланысы неғұрлым мықты болса, газеттің соғұрлым халықтікі екендігін түсінген «Жетісу» газеті оқырманын бағалап, сырттан авторлар тартуды да дұрыс жолға қойып келеді. Оқырмандардың пікірін сауал тастау арқылы білу де кері байланыстың тиімді түрі. Газетте зерттеудің бұл түрі де қолданылады.

Кейбір аудандық газеттердің оқырмандармен мүлдем байланысы жоқ, редакцияға тіпті хат келмейді. Дәлел ретінде «Жаңалық жаршысы» газетіндегі редакцияның пікірін мысалға келтірейік: «Жуырда редакцияға хат келді. Әдетте, оқырмандарымыз хат жазуға бейім емес болғасын, бұл бізге таңғаларлық жәйт болды. Оның үстіне конверттегі «Ырғыз» деген жазу бірден елең еткізді. Сөйтсек, қапыда досынан айырылған жігіттің сағынышы өлеңмен өрілген екен. Әрине, біз Бауыржанның кім екенін танымасaq та, Дастанды білеміз ғой» (2006. 17 қазан). Редакцияға келген хатқа таңырқай караған газеттің оқырманға берері жоқ. Мазмұнды, қызықты газетке оқырмандар қашанда хат жазады.

«Торғай таңы» газетінің де көтерген мәселелері аяқсыз қалды. Соғыс және еңбек ардагерінің: «Рас, «Торғай таңы» газетінде автобус қатынасы, қалалардың сумен қамтамасыз етілуі, сауда-саттықтағы екіжүзділік, халыққа қызмет көрсетудегі немқұрайдылық мәселелері жиі жазылып жатады. Бірақ олардан шығып жатқан нәтиже көрінбейді», - деуі газет сынының әлсіздігін, ықпалының кемдігін көрсетеді.

Бүгінгі газет сыны көбінесе жеке адамдарға арналады. Банктен несие алған фирма жүргізушісінің қарызды қайтармай қашып жүргені, ұрлықшы жасөспірімнің қылмыстық іс-әрекеттері... Сын мақала жеке бір адамға немесе ұжымға байланысты болған кезде деректерді әбден тексеріп, анықтап алып барып бірақ жариялау керек. Осы орайда облыстық газетте жарияланған бір мақалада құжаттарды көшіріп, тіпті куәландырып алу, сыналайын деп

отырған адамның өзімен жолығып, оған тағылған айып туралы әңгімелесудің мәні зор екендігі айтылған (ОҚ. 1969. 16 қаңтар).

«Сыр бойы» газетінің редакциясына келген хаттардың көпшілігі медицина қызметкерлерінің өз істеріне салғырт қарайтынын, соның салдарынан орны толмас өкініштердің орын алғандығын баяндайды. Бір мезетте бір ауылдан келген екі хаттың біреуінде босандыру кезіндегі акушердің білместігінен дүние есігін жаңа ашқан нәрестенің шетінегені жазылса, екіншісінде тамағы күйген балаға дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетпегендіктен, ауру асқынып, бала қайтпас сапарға аттанып кеткен. Газет көрсетілген деректердің шындықпен үйлесімділігін авторлардың өз ар-ожданына қалдырып, екі хатты да өзгеріссіз ұсынады әрі өз пікірін білдіреді: «Біздіңше, осы жан ышқынысында шыңырау түбінен шыңғырып шыққан шындықтың шырайы жатқан сияқты. Бізге ауыр халдегі (халдегі – Н.Ш.) нәрестені ауруханада алып қалмай, шығарып-салма сөзбен үйіне қайтарып жіберген дәрігерлердің әрекеттері түсініксіз көрінеді. Кейінгі кезде қоғамда осы тақырып батыл түрде талқыға түсе қалса, ақ желеңділердің өз дәлелдерін бетке ұстап бағатындары байқалып жүр. Ақырында бар кінәратты аурудың өзіне аударып, судан таза, сүттен ақ қалып танытады. Дегенмен бұлтартпайтын бір ақиқатты мойындау керек. Ол – бүтіндей денсаулық сақтау саласының «дерті асқынып, емі табылмай» тұрғанына қатысты ащы ақиқат».

Осы орайда кәсіби журналистердің тәжірибесі ойға оралады. Тіпті соғыстан кейінгі кезеңде де журналистер іссапарға жиі шығып, халықпен жүзбе-жүз әңгімелесіп, пікірін білген, нәтижесінде нақты дерекке негізделген материал туған. «Қостанай таңының» ардагері С. Бүркітбаев өз естелігінде: «Журналистер іссапар барысында қона жатып, көп адамдармен сөйлесіп, жан-жақты біліп, бағамдап, сараптайды. Халық мұң-мұқтажын, сын-пікірлерін айтады. Журналист анық-қанығына терең үңіліп, оны материалдың арқауына да айналдыратын кездері болады. Халық ол кезде тілшіні әділетті деп санайды. Кейбіреулер тілшімен оңаша сөйлескісі келеді, қасында бастық болса күмілжиді» - дейді. Осылайша өңірлік баспасөз мемлекеттің құндылығы – халық екендігін, олардың талап-тілегін ескерудің маңыздылығын жақсы түсінген.

Қазіргі таңда республикалық басылым беттерінде әлеуметтік ойлай білетін, жасырын деректі жазбай танып, журналистік зерттеудің амал-тәсілдерін қолданып, батыл қадамдарға барып, тың тақырыптарға қалам тербеп жүрген журналистер бар. Осы орайда өңірлік тілшінің ой таразылау ауқымы тек сол аймақ шеңберінде қалып қояды деп пікір тую жаңсақтық болар еді. Өңірлік газеттерде «Журналист кәсібін өзгертті», «Кейіпкер көзімен» деген тұрақты айдарлар болмаса да, оқырманды баурап аларлық тақырыптар жарияланады. Журналистер мүмкіндігінше социологиялық зерттеу әдістерін қолданады, сұрақ-жауап түрінде, сұрау салу арқылы оқырмандардың пікірін біліп, аудиторияны зерттеуге құлшыныс танытады. Белгілі бір сала мамандарын редакцияға жинап болмаса тікелей телефон байланысын ұйымдастырады. Осы арқылы аймақ оқырмандары көптеген

сауалдарына жауап тауып жүр. Өңірлік журналистикада бүгінде салалық журналистер де қалыптаса бастады. Олар саясат, экономика, құқық, әдебиет, өнер салаларында бірдей қалам тербейді. Әлеуметтік мәселелер, ұлт, тіл тағдыры жайында салмақты ой қозғайтын материалдардың арасында кейде талданып-таразыланбай, қарапайым халыққа сол күйінде ұсынылатын ақпараттар да кездеседі.

Социожурналистер социологиялық талдауды пайдалана отырып, журналистік зерттеу жүргізеді, редакцияның тәжірибесін бақылап, контент-талдау жасайды, аудиторияға сұрау салып, журналистік тәжірибені жүзеге асырады. Байқап отырғанымыздай, социожурналистің қызметінде әдістемелік, арнаулы-теориялық және эмпирикалық әдістер араласып жүреді. Олар оқиғаның мәнін терең түсініп, зерттеуді сауатты жүзеге асырып, деректерді жинап, ой елегінен өткізіп, өңдеуде кәсібилік танытады.

Әлемдік журналистикада сапалы басылымдардың беделі жоғары екендігі белгілі. Сапалы басылымдар оқиғаға сараптама жасап, әділ бағасын береді, деректері мен пікірлері сенімді. Көпшілігінің ғасырға жуық тарихы бар облыстық газеттерді осы сапалық басылымдарға жатқызамыз. Өкінішке қарай, осы өңірлік басылымдарда кейде дәлдігі кем, дерекке негізделмеген материалдар кетіп қалады, әр санында бір мәселеге байланысты әртүрлі ақпараттар жүреді. Бұл әсіресе газеттің ардагер журналистерінің естеліктерінде кездеседі: «Ұмытпасам, бір айда екі мәрте жалақы алып жүрдік»; «Ұмытпасам, қызыл қыштан салынған ұзынша жатаған үй»; «Әлде төртінші класс, әлде бесінші класс оқитын жылым ба, анық есімде жоқ». Қызылорда облыстық басылымында ұзақ жылдар редактор болған Н. Уәлиұлы газеттің шығу мерзімін өзгертуге байланысты әңгімесін: «Жетпісінші жылдардың кезі» деп бастайды. Газет ардагерлерінің «Бертін келе өлке құрылды» (ОҚ. 1994. 26 қараша) деп болжаммен сөйлеуі материалға солғындық береді. Газеттің әртүрлі сандарындағы бір деректің әрқилы баяндалуы да беделіне нұқсан келтіріп, оқырманға сенімсіздік туғызуы мүмкін. Мысалы, «Оңтүстік Қазақстанның» 2004 жылғы 10 ақпандағы санында оқытушыны қызмет бөлмесінде атып кеткені туралы суыт хабар бар. Онда оқ оң иығына тиіпті делінген. 12 ақпандағы нөмірде оқ марқұмның сол жақ жауырынынан, жүрек тұсынан тигендігі айтылған. Сондай-ақ екінші нөмірдегі ақпаратта ешқандай жаңалық жоқ, алғашқы ақпаратты қайталайды. Газет материалдарындағы осындай кемшіліктерді болдырмас үшін өңірлік газет журналистері газет материалдарының дәлдігіне, нақтылығына баса назар аударуы керек. Ол үшін журналистің материалын өңдеу барысындағы ғылыми әдіс-тәсілдерді білу артықтық етпейді. Ондай әдістердің бірі – **құжаттарды зерттеу** болып табылады. Бұл әдіс журналистиканың тәжірибесінде жиі қолданылады. Кез келген журналист материалын дайындау барысында статистикалық мәліметтер, сандық көрсеткіштер сияқты деректі ақпарат көздеріне жүгінеді. Журналист түрлі құжаттарды болашақ шығармасына сауаттылықпен қолдана білуі, деректерді, мәліметтерді тексеріп, талдап барып пайдалануы тиіс. Құжаттарды зерттеп, деректерді орынды пайдалана алмаған тәуелсіз «Жаңа

дәуір» газетінің журналистері ел аузындағы өсекті тергіштеп, журналистік әдептен озады: «Әсіресе қала әкімінің орынбасары В. Лян мен «Жайықжылу куат» АҚ-ның коммерциялық директоры Ж. Хайрушев дегендер тек дос емес, бөтелкелес, тоист кешіріңіздер сыбайластары екен. Былтыр «Жайықжылу куат» АҚ-ның президенті А. Котовтың орнына осы Ж. Хайрушев отырады деген сыбыс шыққан болатын. Алайда ол ойларын жүзеге асыра алмады ма А. Котов өзгерген жоқ» (ЖД. 2005. № 2). «Журналист» баспасөздің рөлін, газет тілін түсінбейді, оқиғаға өзінше сараптама жасағысы келгенімен, ойын дұрыс жеткізе алмай отыр.

Журналистік зерттеу екі ғылымның басын тоғыстырған журналистика социологиясымен тікелей байланысты, алғашқы, бұрыннан бар ақпарат көздерін мұқият жинап, талдап, зерттеудің әдіс-тәсілдерін жүзеге асырмайынша, журналистік зерттеудің нәтижесі тиімді болмайды. Журналистік зерттеуді кез келген журналистің жүргізе алмасы белгілі. Себебі, жабық немесе жасырын, алайда қоғам үшін қажетті тақырыпты зерттеу үшін журналист ең алдымен құжатты жедел әрі сапалы жинауы керек. Ол қайшылық жағдайды терең ұғуға мүмкіндік береді, оқиғаға эмоциялы түрде баға беруден сақтайды. Журналист тергеуші сияқты жинақы болуы, оқиғаны бағалай білуі тиіс. Ақпарат алудың бұл әдісінде журналист-зерттеуші оқиғаны бақылап, тіркейді, бірақ үкім шығармайды. Журналистің кәсібилігі оқиғаны орынды баяндап, деректерді ұтымды орналастыруынан көрінеді. Ол ақпаратты қайдан, кімнен алу керектігін, шығу себебін білумен қатар, ақиқат ақпаратты ешкімнен ықпастан жаза білуі тиіс. Автордың ұстанымы материалдың құрылымынан көрінеді. Ақпарат көздерімен жұмыс істеу журналист қызметіндегі ең шешуші кезең болып табылады.

Әр публицистің өз қолтаңбасы болғандықтан, материалдар да сан алуан. Редакцияға келген хаттың бір қарағанда деректері сенімді сияқты. Алайда сол хаттың ізімен зерттеу басталғанда, түрлі қиындықтармен қатар кездейсоқтық, тіпті, күтпеген жайттар да кездеседі.

Журналистік қызметтің аралас табиғаты ақпарат алу, зерттеу әдіс-тәсілдерінің үнемі байып, түрленіп отыруына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда журналистер зерттеліп отырған нысанды терең сипаттап, әлеуметтік құбылыстың өзгеріс заңдылықтарын анықтау үшін ақпарат жинаудың социологиялық әдіс-тәсілдерін жиі қолдана бастады. Ақпарат жинап, дерек көздерімен жұмыс істеу оңай емес. Өңірлік басылымдарда соңғы кездері оқырманды толғандырып жүрген өзекті мәселелерді тақырып етіп, соның аясында пікірлер жинау үрдісі дами бастады. Бұған өңірлік газеттерден жиі көрініп жүрген «Пікірлер тоғысы» айдарын айтуға болады.

Оқырмандардың пікірімен санасу редакция ұжымының жұмысын жақсартуға септігін тигізетіндігін түсінген «Қостанай таңы» газетінің журналистері газет арқылы оқырмандарға сауал жолдап, пікірін білгісі келгені құптарлық. Дегенмен сұрау салуды сауалнама деп шатастырған редакция оқырманға бірде «сіз» десе, бірде «сен» деп сөйлейді. Оқырмандардың оншақты сауалдың бәріне жауап беріп отырмасы анық. Редакция бұны жауаптар нұсқасы бар сауалнама түрінде жасауы керек еді.

Сонда оқырман өзін қанағаттандырған жауап нұсқасының тұсына тиісті белгі қояр еді де, редакция толыққанды жауап алар еді.

Сауалнама әдісі аудиторияның үлкен бөлігінен бір мезетте ақпарат алуды көздейді, сұрақтары қысқа да нұсқа сауалнаманың мақсаты сенімді ақпарат беру, міндетті түрде жауаптар нұсқасы болады. Сауалнаманы құрастыру шеберлікті қажет етеді. Респонденттің шынайы жауап беру-бермеуі сұрақтардың сауатты қойылуына байланысты. Сұрақ нақты, қысқа, респонденттің жанына жақын қарапайым болуы керек, қос мағыналы сұрақ қойылса, жауап та дәл болмайды. Сауалнама барысында зерттеуші респондентпен тікелей байланысқа түспейді, оны қамшылап, қажетті арнаға бұра алмайды, психологиясын, мінез-құлқын бақылай алмайды. Егер респондентті қозғалған тақырып қызықтырмаса, ол шындықты айтпайды, жауап бермей қоюы да мүмкін. Сондықтан сауалнаманың сұрақтарын сауатты құрастырып, ғылыми әдісті қатаң сақтау қажет. Журналистер бұл әдіске көп бара бермейді. Мұның бірден бір себебі – уақыт пен шығынның көп кететіндігі.

Көптеген өңірлік газеттер сұрау салу мен сауалнаманы шатастырып жатады. Мысалы «Солтүстік Қазақстан» газеті «Жігіттердің сәнденгені ерсі ме?» (2008. 10 қазан) деген сұрау салуды (5 адамға қойылған), сауалнама десе, «Талдықорған» газеті редакция қызметкерлерінің әрқайсысына бір сұрақтан беріп, сауалнама деп шатастырады. «Жетісу» газетіндегі «Замандас» қосымшасында жастарды имандылыққа, әдептілікке баулитын, өнегелі, танымдық материалдар бар. Дегенмен қосымшада «Театрға барасың ба?» деген сұрау салуды сауалнама әдісі деп қателескен, сұрақтарға 3 адам ғана жауап берген.

«Жаңалық жаршысы» газетіндегі «Сауалнама» деп атаған сұрау салуда сауалнама әдісіне қойылатын талаптар ескерілмеген, тіпті респонденттерге сұрақ қойылмаған, 6 адам тәуелсіздік күніне байланысты өз пікірлерін білдіреді.

«Қобда» газеті: «Біз газетіміздің оқырмандарына «Сіз өзіңіздің конституциялық құқығыңызды білесіз бе?», «Құқығыңызды қорғай алмаған кезіңіз болды ма?» т.б. сұрақтар қойған едік. Жауаптар төмендегіше», - дей келіп, 4 адамнан алған сұрау салуды сауалнама деп атайды (2007. 30 тамыз). «Хромтау» газеті сұрау салуды сұхбатпен шатастырады. «Мерекелік сұхбат» деп атаған айдарда «Жана жылды қалай қарсы алғаның жыл бойғы өміріңе әсер етеді дегенге сенесіз бе?» деген сауалға 5 адам жауап берген.

Сауалнама әдісін «Орал өңірі» газеті сауатты қолданған. «Орал өңірі – 90» сауалнамасы нәтижесінде басылым туралы оқырмандардың шынайы пікірлері мен талап-тілектері анықталды. Газет сөзінде салмақ, мәселе көтеруінде тегеурін, өз позициясын жеткізуде батылдық бар деген пікірлер айтылды. Газеттегі «Парасат» клубы, «Жас дәурен» беті жақсы бағаланды. Оқырмандар газет бетіндегі жарияланған көптеген мақалаларды қызыға оқитындықтарын жеткізді. Сауалнама арқылы газеттің кемшіліктері де анықталды. Газет мақалаларында әлі де бірсарындылық бар, басталған іс кейде аяқсыз қалады, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау жағы



қағажу қалып жүр, әлеуметтік, рухани мәселелер көтерілгенімен, оған жауап беретін басшылар үнсіз отыр», - деген пікірлер айтылды. Бұған журналистер қуанбаса ренжіген жоқ, аталған кемшіліктерді болдырмауға күш салды.

«Жетісу» газеті сұрау салу әдісін жетік меңгерген. «Ұлттық телеарна қандай болуы керек?» деген сауал тастай отырып, бірнеше адамның пікірін жариялайды. Респонденттер «Ұлттық бедерді ашатын, салт-дәстүрді көркем етіп көрсете алатын, жаңа үрдіспен жаңаша ойлайтын, ұлттың үні мен жырын жырлайтын бағдарламалар әлі де жоқ» (2007. 25 тамыз) деген пікірлер айтты. «Дидар» газеті де әр түрлі топтардың пікірін ескеріп, сұрау салуды сауатты қолданады (2006. 30 желтоқсан).

Редакцияның ішкі жұмыстарын үйлестіруде маңызды болатын бірқатар зерттеу әдістерін өңірлік газеттер қолданбайды. **Социометриялық сұрау салу** редакция ішіндегі қызметкерлердің өзара қарым-қатынасын білу, оларға жағдай жасап, ынталандыру үшін қолданылады. Ұжымның ұйымшылдығы, корпоративтік мәдениет деңгейі де осы әдіспен анықталады. Социометрия – ұжымдағы кәсіби, шығармашылық, психологиялық жағдайды жақсартуға көмектеседі. Бұл әдісті қолдану барысында этикалық нормаларды қатаң сақтап, сезімтал адамдардың жан дүниесін ұғынуға болады. Редакция қызметкерлері бұл әдісті меңгерсе, редакциядағы шығармашылық жұмыс өнімді бола түседі.

БАҚ-тағы **контент-талдау** да редакция үшін өте пайдалы. Мәтіннің мазмұнын сандық-сапалық тұрғыдан талдау редакцияның мақсаты мен оқырмандардың қажеттілігін үйлестіреді.

Өңірлік газет материалдарын сараптай отырып, журналистер зерттеуді жан-жақты, толық жүргізбейді, социологиялық зерттеу әдіс-тәсілдері өз деңгейінде қолданылмайды деуге толық негіз бар.

Сондықтан аймақ тілшілері журналистік зерттеудің әдіс-тәсілдерін жете меңгеріп, құжаттармен, алғашқы және бұрыннан бар ақпарат көздерімен жұмыс істеуде сауаттылық танытуы, деректің дәлдігіне баса назар аударып, оқырман хаттарын тексеріп барып жариялауы тиіс.

Күрделі әрі көп қырлы, объективті әрі көкейкесті журналистік мәтін аудиторияның ақпараттық сұранысын қанағаттандыра отырып, нақты міндеттерді шешуде таптырмас құрал болады. Аймақтардың ақпаратты қабылдау мүмкіндігі әртүрлі. Ол төмендегі факторларға байланысты:

- 1) географиялық, яғни, қалаға жақын, алыс орналасуы;
- 2) қаржылық ресурстар;
- 3) жаңа ақпараттық технологияны қолдану мүмкіндігі;
- 4) журналистің кәсібилігі мен жауапкершілігі.

Өңірлік газеттердің көпшілігіне тән кемшіліктерге аудиториямен хат арқылы ғана байланысып, аудиторияның талап-тілегін білуге арналған өзге зерттеу әдістерін жүзеге асырмауын және кейбір хаттарды тексермей жариялауын айтамыз.

Жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру – қоғам мен БАҚ арасында тиімді диалог ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Аудиториямен тығыз

байланыс орнаған жағдайда басылымның қызметі жанданып, оқырмандардың қызығушылығы артады.